

## ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Қазіргі таңда экстремизм мен терроризмнің алдын алу – мемлекет пен қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Қоғамның тұрақтылығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігін талап етеді.

Экстремизм мен терроризм – адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіріп қана қоймай, қоғамдық келісімге, тұрақтылыққа және мемлекет қауіпсіздігіне кері әсер ететін құбылыстар. Сондықтан оның алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығы заңмен қорғалады. Сонымен қатар діни көзқарастарды желеу етіп, қоғамда алауыздық туғызуға, зорлық-зомбылықты ақтауға немесе заңсыз әрекеттерге шақыруға жол берілмейді. Осыған байланысты азаматтардың діни сауаттылығын арттыру, заң талаптарын түсіндіру және жастар арасында дұрыс ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу – профилактиканың негізгі бағыттарының бірі.

Бүгінде интернет пен әлеуметтік желілер ақпарат алудың басты құралдарының біріне айналды. Алайда ғаламтор кеңістігінде шынайы ақпаратпен қатар жалған мәліметтер, радикалды идеологияны насихаттайтын материалдар да кездеседі. Әсіресе жасөспірімдер мен жастардың осындай ақпаратқа сыни көзқараспен қарап, кез келген мәліметтің шығу көзіне назар аударуы маңызды.

Осы орайда діни сауаттылықпен қатар медиасауаттылықты қалыптастырудың да маңызы ерекше. Күмәнді діни ақпаратты таратпау, белгісіз адамдардың шақыруларына ермеу, заңсыз діни ұйымдар мен күмәнді ақпарат көздерінен сақ болу – қауіпсіз қоғам қалыпта-

стырудың маңызды шарттары.

Экстремизмнің алдын алуда отбасының да рөлі зор. Ата-ана баласының кімдермен араласатынына, интернетте қандай ақпараттарға қызығушылық танытатынына көңіл бөліп, баламен ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатуы қажет. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, білім алуға, спортқа, шығармашылыққа және қоғамдық жұмыстарға тарту да теріс идеологиялардың ықпалына түсу қаупін азайтады.

Алдын алу жұмыстары барысында азаматтарға заң талаптарын түсіндірумен қатар, олардың діни сұрақтарына дұрыс әрі сенімді жауап алуына мүмкіндік жасау маңызды. Бұл бағытта мешіт имамдары, теологтар, дінтанушылар, мемлекеттік органдар және қоғамдық ұйымдар өзара тығыз байланыста жұмыс жүргізуі қажет.

Терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдың ең тиімді жолдарының бірі – қауіптің алдын алу. Яғни мәселе туындағаннан кейін әрекет етуден гөрі, оның себептері мен ықтимал белгілерін ерте кезеңде анықтап, азаматтарға қажетті түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды.

Әрбір азамат күмәнді ақпаратқа бейжай қарамай, оның салдарын түсінуі керек. Қоғам мүшелері заң талаптарын сақтап, өзара құрмет пен келісім қағидаттарын ұстанған жағдайда ғана тұрақты әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға болады.

Экстремизм мен терроризмнің алдын алу – белгілі бір мекеменің немесе мамандардың ғана міндеті емес. Бұл – бүкіл қоғамға ортақ жауапкершілік. Сондықтан бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау, жастардың санасына дұрыс құндылықтарды қалыптастыру және заңға құрметпен қарау – баршамыздың азаматтық міндетіміз.

М. БІРЖАН

## НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью **Колесниковой Татьяны Петровны**, умершей 12. 03. 2026 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р. Е. Сокольниковой, по адресу: п. Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

В связи со смертью **Алиевой Азисханум Халидовны**, умершей 12. 06. 2021 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р. Е. Сокольниковой, по адресу: п. Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

В связи со смертью **Кутарева Геннадия Семеновича**, умершего 11. 12. 2015 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р. Е. Сокольниковой, по адресу: п. Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

В связи со смертью **Мельниковой Нины Васильевны** умершей 07. 05. 2026 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р. Е. Сокольниковой, по адресу: п. Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

В связи со смертью **Дудченко Павла Владимировича**, умершего 17. 07. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. А. Маметалиевой по адресу: Ал-

матинская обл. Илийский р/н, с. Ащибулак.

В связи со смертью **Ченчербекова Абдыбая Козбаевича**, умершего 13. 03. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. А. Маметалиевой по адресу: Алматинская обл. Илийский р/н, с. Ащибулак.

В связи со смертью **Буршуковой Айгуль Болысбековны**, умершей 19. 02. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. А. Маметалиевой по адресу: Алматинская обл. Илийский р/н, с. Ащибулак.

В связи со смертью **Купцовой Евдокии Карповны**, умершей 02. 09. 1993 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р. Е. Сокольниковой, по адресу: п. Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

В связи со смертью **Абдолдаева Эрлика Сатылгановича**, умершего 12. 03. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Н. К. Жолдасбаеву по адресу: с. Жетыген, ул. Уалиханова, 98 «Д».

В связи со смертью **Лангальц Виктора Эвальдовича**, умершего 13. 10. 2021 года, всем заинтересованным лицам и возможным наследникам необходимо обратиться к нотариусу А. А. Жармухамбетовой по адресу: с.Отеген батыр, ул. 3. Батталханова, №9, офис 2.

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ бұған дейін 2026 жылғы 19 тамызда сағат 11:00-ге жоспарланған «АлЭС» АҚ 3-ЖЭО өндірістік департаменті үшін Кешенді экологиялық рұқсат алу мақсатында әзірленген құжаттардың жобаларын (ЖБШН, ЖБТН, ҚББ, ӨЭБ бағдарламасы, Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының жобасы) талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар форс-мажорлық жағдайларға байланысты 2026 жылғы 23 қыркүйекте сағат 11:00-ге ауыстырылатынын хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, Батталханов көш., 20-үй мекенжайындағы «АлЭС» АҚ 3-ЖЭО аумағында № 210 кабинет-тегі мәжіліс залында өтеді.

Жобалық құжаттама топтамасымен ҚР Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкіне <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында танысуға болады.

Учаскенің географиялық координаттары - 43°25'27" с.е. 77°00'24" ш.б., және Іле ауданы әсер ету аумағының географиялық координаттары - 43°25'38" с.е. 77°01'34" ш.б.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ҚР Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкіне, сондай-ақ келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, 040800, Қонаев қа-

ласы, Құрылысшы көшесі, 12-үй, тел.: 7 (72772) 2 32 27, электрондық пошта: [priroda\\_alm@bk.ru](mailto:priroda_alm@bk.ru).

Төтенше жағдай режимі енгізілген және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн форматта өткізіледі.

Белсенді сілтеме ҚР Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкіне және Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында орналастырылады.

Онлайн қосылу сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/3108236607?pwd=MnhhVUozeEF1bmkwOFJJSlJ0cVdHUT09&omn=83210877395>

Конференция идентификаторы: 310 823 6607

Рұқсат коды: H6GF04  
Бастамашының деректемелері: БСН 060640001713, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 7, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, e-mail: [zarzyukova@ales.kz](mailto:zarzyukova@ales.kz), тел.: 8 (727) 2540-327, 2540-473.

Әзірлеушінің деректемелері: «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС, заңды мекенжайы: Павлодар қ., Торайғыров көшесі, 68/2, БСН 991240015834, байланыстағы тұлға: Чигина Татьяна, e-mail: [too.si@mail.ru](mailto:too.si@mail.ru), тел.: 8 701 758 76 46.

Қосымша ақпаратты келесі байланыс деректері арқылы алуға болады: [zarzyukova@ales.kz](mailto:zarzyukova@ales.kz), тел.: 8 (727) 2540-327, 2540-473.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ

АО «Алматинские электрические станции» сообщает, что ранее запланированные на 19 августа 2026 г. в 11:00 общественные слушания по обсуждению проектов документов для получения Комплексного экологического разрешения (НДВ, НДС, ПУО, Программа ПЭК, Проект технологических нормативов, ППЭЭ) для производственного департамента АО «АлЭС» ТЭЦ-3 в связи с форс-мажорными обстоятельствами переносятся на 23 сентября 2026 года в 11:00.

Общественные слушания будут проводиться в форме открытого собрания на территории АО «АлЭС» ТЭЦ-3, в актовом зале (кабинет №210) по адресу: Алматинская область, Илийский район, посёлок Отеген батыра, ул. Батталханова, д.20, проводятся общественные слушания.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов РК <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области.

Географические координаты участка - 43°25'27" с.ш. 77°00'24" в.д., и географические координаты территории воздействия Илийский район – 43°25'38" с.ш. 77°01'34" в.д.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов РК, а также по адресу Алматинская область, 040800, город Қо-

наев, улица Құрылысшы, № 12, тел. 7 (72772) 2 32 27 электронный адрес: [priroda\\_alm@bk.ru](mailto:priroda_alm@bk.ru).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, ЧС социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Активная ссылка будет предоставлена в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов РК и на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us05web.zoom.us/j/3108236607?pwd=MnhhVUozeEF1bmkwOFJJSlJ0cVdHUT09&omn=83210877395>

Идентификатор конференции: 310 823 6607

Код доступа: H6GF04  
Реквизиты инициатора: БИН 060640001713, г.Алматы, Медеу-ский район, проспект Достык, 7, контактное лицо: Арзюкова Зоя e-mail: [zarzyukova@ales.kz](mailto:zarzyukova@ales.kz), 8 (727)2540-327, 2540-473.

Реквизиты разработчика: ТОО «СТРОЙИНДУСТРИЯ», юридический адрес: г. Павлодар, улица Торайгырова, 68/2, БИН 991240015834, контактное лицо: Чигина Татьяна, e-mail: [too.si@mail.ru](mailto:too.si@mail.ru), 8 701 758 76 46.

Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу и номеру телефону: [zarzyukova@ales.kz](mailto:zarzyukova@ales.kz), 8 (727)2540-327, 2540-473.

Меншік иесі: «Іле тану» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Алматы және  
Жетісу облыстық  
қоғамдық-саяси апталық

Біздің мекенжайымыз: 040700, Өтеген батыр ауылы,  
Титов көшесі, №24, 1-қабат. Телефон: 304-55-66, 8 747 070 14 49.  
e-mail: [ile-tany@mail.ru](mailto:ile-tany@mail.ru) эл. мекенжайымыз: [www.ile-tany.kz](http://www.ile-tany.kz)

Газет қазақ, орыс тілінде аптасына  
1 рет жума күні шығады.

ИНДЕКСІ: 66143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ  
ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ  
2023 ЖЫЛДЫҢ 24 АҚПАНЫНДА ТІРКЕЛІП,  
№КЗ30VPU00065449 КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері, үндеулері,  
ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді.  
Қолжазбалар, суреттер, фотолар қайтарылмайды.

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ - ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Газет «Принт плюс»  
ЖШС-нің  
баспаханасында  
басылады.  
Алматы облысы,  
Іле ауданы,  
Өтеген батыр ауылы,  
С. Сейфуллин  
көшесі, 2 в  
Тапсырыс №33  
Осы шығарылымның  
таралымы - 10050